




ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

2(136) 2012

Абдрахманова Ж. Фразеологиялық тұлғалар компоненттерінің дистантты орналасуы.....	104
---	-----

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ - МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ

Бисенғали Зинол-Ғабден Кабиұлы. Қазақ әдебиеті пәнінен өздік жұмыс ұйымдастарудың модульдік жүйедегі жаңа тәсілдері.....	108
Атабаева Ф. К., Атабаева Г. К., Тлеугабылова З. А. Использование видеофильмов на уроках английского языка.....	112
Қасым Б., Нұптекеева Г. Б. Қазақ тілінің сөзжасамынан берілетін білім көлемі мен оқыту әдіс-тәсілі.....	114
Бекабаева А. О., Нуржумаева К. А. Языковая компетенция преподавателя и стратегии, применяемые в обучении иностранным языкам.....	118
Бекишева Р. М. Понятие об инновациях в образовании.....	120
Мамиева А. Н. Тіл тарихы курсы пәндерін жаңа технологиялар арқылы оқыту жолдары.....	123
Михальченко Е. Н. Integrating the newspaper and the news into the curriculum.....	126
Субботина В. В. Необходимость изучения английского языка и его роль в современном мире.....	128
Сулейманова С. А. Презентация как эффективная форма модульного обучения деловому английскому языку.....	131
Тағанова А. М. Оқулық жазу шарттары және оның тәрбиелік негіздері.....	134
Мұстафина М. Ә. Әдебиетті оқытудағы проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі.....	139

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ - ТЕОРИЯ ПЕРЕВОДА

Жумадилова М. Н. Лингвостническая специфика перевода.....	143
Тастемирова Г. А. Аударма – халықтар достығының дәнекері.....	146

МӘДЕНИЕТ - КУЛЬТУРА

Ломова Е. А. Русско-англо-американские литературные связи в первое двадцатилетие XX века.....	151
Жапарова А. Ж. Английский этикет.....	154

ЖАС ҒАЛЫМДАР - МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ

Өзизова А. Қабдеш Жұмаділов шығармаларындағы мифтік көріністер.....	158
Таттимбетова К. О. Төлеу Көбдіков лирикасындағы ұлт-азаттық сарын.....	162
Ақшопалова А. Ж. О грамматической адаптации казахских топонимов.....	165
Абдуллаева А. К. Формулы выражения благодарности в кыргызском и английском языках.....	168
Абдуллина Б. А. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы шығармашылығы.....	171
Абжалова А. Қазақ драматургиясының зерттелу жолдары.....	174
Ахметбекова А. М. Дефиниция как основное средство раскрытия значения термина.....	177
Валикова О. Синергетическая природа речевого имиджа.....	182
Досанова К. Айтыс және имандылық.....	187
Ергубекова Ж. С. Қазақ батырлар жырларындағы «Адам» концептісі.....	190
Ибраева Д. С. М. Мақатаев өлеңдеріндегі және қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын көріністері.....	195
Кайбулдаева А. З. Тенденции образования и развития неологизмов в русском языке.....	198
Қайдауылова С. Ғ. Сұраулы сөйлемдердің функционалды-семантикалық сипаты.....	201
Қайралыпова С., Тусупова А. К. Фраземы в переводах художественных произведений на русский и английский языки (на материале рассказа М. Ауэзова «Коксерек»).....	206
Каналиева С. У. Ахмет Байтұрсынұлының төл поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының көрініс табу мәселелері.....	210
Кдыралиева Ж. Б. Шешендік тенеулердегі көркемдік стиль.....	213
Койлыбаева С. С. Критерии пассивизации лексики русского языка на современном этапе (социолингвистический аспект).....	216
Оспанова А. А. Ғұмар Қараштың азаттықты аңсаған туындылары.....	222
Оспанова Н. А. Linguacultural aspects of simile in kazakh and english languages.....	226
Сейтхожаева А. Влияние лингвострановедческих знаний студентов на ход общения.....	229
Фот Л. В. К истории становления лингвистики текста.....	232
Байсакалов Т. К. Илеспе аудармадағы лексикалық трансформациялар.....	236
Әзікен Г. Бөліріктің «Ел жарыла көшкенде» дастаны.....	239
Нусипов А. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі.....	242
Джаламова Ж. Б., Алдабергенызы Л. А. Коммуникативная культура и компетентность в профессиональной сфере общения.....	246
Бекжанова А. Б. Языковая идентичность и язык СМИ: к постановке вопроса.....	250
Назарова А. Масс-медианың мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі.....	253
ҚазҰУ хабаршысында басылатын қолжазбаларға қойылатын талаптар.....	256
Требования к рукописям, публикуемым в вестнике КазНУ.....	258

Аударма – халықтар достығының дәнекері

Г. А. Тастемирова

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Автор мақалада ғаламдық өзекті мәселелер қоғамдық дамудың қайшылықтарынан туындайтынын, адамзаттың өзін қоршаған әлемге деген ықпалы ауқымының күрт өсуімен, сонымен қатар елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық даму деңгейінің әркелкілігімен, еларалық өмірдегі аударма ауқымының тарылып, халықаралық тілдердің үстемдігі артуымен де байланысты болып жататынын жайлы сөз қозғайды. Сонымен қатар мұның алғашқы қадамы аударма арқылы жүзеге асып, әлем халықтар арасындағы әдеби байланыстар нығайып, байи түсетінін айтады.

XX ғасыр басында жазба әдебиетті биікке көтерген қазақ ақын-жазушылары алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне көз салып, әдеби байланысқа түсе бастады. Әсіресе орыс әдебиетінен үйрену кең етек жайғанын жоққа шығара алмаймыз. Ыбырай, Абай, Шәңгерей тәрізді алдыңғы толқынның тәржімашылдық қырын дамытып, төл әдебиетіміздің туын жоғары ұстаған аудармашылар дүние жүзілік әдебиеттің асыл қазыналарын, тамаша туындыларын туған халқына жеткізуге ұмтылды. Олар әлемдік әдебиет пен мәдениеттің озық үлгілерін қазақ сарасына асқан шеберлікпен таратты.

Көркем аудармалардың құнды не құнсыздығы тек жаңылыс кеткен кездейсоқ қателермен белгіленбейді. Аудармашының бір емес, ондаған қате жіберуі мүмкін, өйтсе де соның аудармасында ең бастысы – автордың түпкі ойы стилі, бір өзіне ғана тән жазушылық даралығы дұрыс берілсе, оны құнсыз аударма деп табуға болмайды [1, 26-27 бб.] - деп пікір білдірген жазушы-ғалым Мұхтар Әуезовтің ойына толық қосылуға болады.

Аударманың сара жолын салушы Абай, Ыбырайдан бері таратып айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Бекет Өтетілеуов сынды шебер аудармашыларды атап айтуға болады. Алдыңғы толқын да, кейінгілері де аударманың еркін түрін кеңінен пайдаланып, шебер дүниелер тудырғанына дау айта алмаймыз. Ал олардың, түпнұсқаның тілін, әдеби ырғағын жетік білмеді, халқына, жұртына емес, өз бас пайдаларын ғана ойлап аударды дегенге келісу мүмкін емес. Тіпті, басқасын қойғанда ғұлама Абайымыз, данышпан Ахметіміз аудармаларын мәдениетінің тарлығынан, түпнұсқаның, яғни орыс тілін жетік білмеуінен еркін аударды деп айту дұрыс па? Оған қандай дәлел тауып айтамыз. Жазба әдебиеттің басын салған Абай да, тіл тазалығын, ой тазалығын жетік меңгерген Ахмет те, Абай-

дың ақын шәкірттері де өз тілін, өзге тілді де жетік меңгергенінен аудармаға барып отыр. Олар өзіне тиімді болғандықтан емес, керісінше халқына, ел-жұртына балтыры сыздап, бауыры езілгендіктен, қараңғы қазақтың көзін ашуға ұмтылыс жасағандарынан аударып отыр. Мәдени шеңберлерінің қаншалықты болғаны бізге беймәлім, бірақ өзге елдің мәдениетін қазақша сөйлеткен, қазақ жұртына танытқан кемеңгерлердің туындысына ойланбастан бірден анықтама бере салу оңай болмаса керек еді.

Әдебиет өз тілінде, ұлт көлемінде өсумен қатар, басқа да өскелең ұлт әдебиетінің шығармаларын ұдайы қосып алып, байып отыратыны бәрімізге мәлім. Біздің қазақ әдебиетінде де басқа тілдерден көптеген кітаптар аударылып жатқаны да, бұл жұмыстың кең көлем алуы да заңды құбылыс. Бұл мәдениетіміздің өскендігінің белгісі. Жазба әдебиет тіліміздің баюына, қалыптасуына көп қызмет ететіні белгілі. Кейінгі ұрпақ тілді ел аузынан үйренумен қатар, кітаптан, газет-журналдардан, радио, теледидардан үйренеді. Әдебиет тілі көпшілікке ұстаздық етеді.

Көркем әдебиетті аудару – шығармашылық жұмыс. Ол әдеби тілдің өсуіне, ұстартылуына көмектеседі. Оның үстіне творчество адамы аударара отырып, көп нәрсені үйренеді. Мысалы, Абай аудармаға осы тұрғыдан қараған адам.

Аудармашылық өнер қайсарлықты талап етеді. Тіл үйренгеннен кейін екі мәдениет пен әдебиетті жақындастыру үшін, “менінді” тыйып бар өнерінді, білімінді, шыдамынды екі халықты рухани байланыстыру ісіне салу, сөзді емес, қайғыны қайғы қылып, махабатты махабат қылып аудару үшін, жүрегің еш мәдениет, еш әдебиет бір-бірімен араласпай жаңа сатыға көтерілмейді деген ұранмен соғу үшін қайсарлық қажет. Ал бұл - аудармашыға берілетін ең құнды баға.

Біз аударманы өнер деп қарап, аудармашының міндетін автордың міндетінен кем сана-

маймыз. Автор өмір сырларын қалай шертті, аудармашы соны да дәл түсініп, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей етіп оқырманға жеткізе алдыма - түйінді мәселе осында, аударма шығарманы оқып отырғанда өзіміздің әдеби шығармамызды оқып отырғандай сезінгіміз келеді.

Аудармашының алдында қашанда өзара қарама-қайшы, бірақ диалектикалық бірліктегі үлкен өзекті мәселе тұрады: бір жағынан түпнұсқаның “өрпін”, рухын сақтау қажет, екінші жағынан аударма жасалып отырған тілдің ерекшеліктерін, сол тілді оқуға тиіс жұртшылықтың талап-талғамын да ескеру қажет. Аудармашы таразының екі басын тең ұстауы тиіс. Ал бір жаққа ауытқып кетсе ше? Мәселен, ол соңғы шартты алдыңғысынан жоғары қойса немесе тіпті, соны ғана басшылыққа алса, не боп шығар еді? Біздіңше, аудармашы, ең алдымен, жазушының өзін сөйлетуді мақсат тұтуы шарт.

Қазақ оқырмандары туысқан халықтар әдебиетімен дүние жүзі мәдениетінің бай мұрасын өз тілінде еркін оқып, сол халықтың өмірі мен тұрмысын білумен бірге, жазушының стильдік, тілдік, көркемдік шеберлігімен де танысуды қалайды. Мұның өзі аудармашыларға зор міндет жүктейді. Ол жазушының өзіне тән ерекшеліктерін, шығарманың рухын ұлттық түрін түгелдей бере білуге міндетті. Сонда ғана біздің көркем аударма саласындағы жұмысымыз алға басады. Орыс жазушыларының, айталық, Н.В. Гоголь мен Л.Н. Толстой шығармаларын оқығанда, оқырман, түпнұсқадан қандай эстетикалық әсер алатын болса, қазақ оқырмандары да аудармадан сондай әсер алуы қажет. Осыған қарамастан, көркем аударма саласындағы жұмысымызда елеулі кемшіліктер бар. Бізде көркем аударма кәсіби деңгейге көтеріле алмай келеді.


Сондықтан да өзге халықтардың адам қиялына қанат байлайтын аңыз-ертегі, ерекше шығармаларын тәржімалап, туған тілімізде, өздерінің дүниетанымы, философиясы, рухани сұранысы мен тұрмыс-тіршілігіне сай етіп сөйлетуді абыройлы іс деп танығанымыз даусыз. Көрнекті қаламгер, аударманың хас шебері, бар ғұмырын әдебиеттің аса ауыр осы саласына арнаған Н. Сыздықов өзі талантты болу, әрбір сөз-сөйлемге мейілінше мән беріп, қазақ тіліне жетік үлгілеуді басты мақсаты деп тұтқан біртуар тұлға ылғи қайталап айтуды жаны сүйетіндей: “Шын аудармашы да сөз дүлдүлі болмаққа керек, талант болғанда – аудармашылық талант керек, біліктілік (эрудиция), көр-

кемдік талғам, сөзге шешендік, екі тілге бірдей жетіктік, еңбекқорлық, ізденімпаздық, зор жауапкершілік қажет. Алайда, талант бірінші орында” деген биік талапқа сай тұжырым әрқашан әдебиеттегі аудармашының басты кредосы болып қала береді. Түпнұсқаның сөзін емес, рухын аударуды, автордың өзін, оның жан-дүниесі, көзқарасы, ұстанымын, өмір сүрген заманының қайталанбас ерекшеліктері, сол тұстағы заманауи кейіпкерлерін шып-шырғасын шығармай аудару шарт.

Қазіргі кезде аударманың көбейгені соншалық тек орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалар тізімін атап шығудың өзі оңайға түспейді. Ол осылай ғылыми пәнге айналады. Қазақ тіліндегі аударма сынына үңілгенде, осыны байқаймыз. Аударма тарихын сөз еткенде оның әрбір ұлттық әдебиет пен мәдениет құрамдас бөлігі болғандықтан, ізін де, дәстүрін де, даму ережесінің қандай сатыда болғанын да солардан іздеген жөн. Аударманың тарихи тамыры тереңде жатыр. Ол ой тұжырымының, сөз өнерінің қажетті қасиетін жинақтаған қазына іспеттес. Аударма өнерінің дәрежесі тума мәдениеттің кемелденуіне өсер ете отырып, аударманың өзі де сол мәдениеттің нақты нәтижесі, көрнекті жемісі ретінде өркендейді.

Аударма әдебиеті Қазақстандағы ұлттық мәдениеттің рухани бай саласы ретінде дамыды. Республикадағы талантты аудармашылар тобы өсіп жетілді. Қазақ тобынан шыққан аударма кітаптарының ішінде Шекспирдің “Отеллосы”, Пушкиннің “Полтавасы”, Гогольдің “Ревизоры” сияқты қызық еңбектер аз емес. Қазақ оқушылары туысқан халықтар әдебиеті мен дүние жүзі мәдениетінің бай мұрасын өз тілінде еркін оқып, сол халықтың өмірі мен тұрмысын білумен бірге, жазушының стильдік, тілдік, көркемдік шеберлігімен де танысуды қалайды. Мұның өзі аудармашыларға зор міндет жүктейді. Ол жазушының өзіне тән ерекшеліктерін, шығарманың рухын, ұлттық түрін түгелдей бере білуге міндетті. Сонда ғана біздің көркем аударма саласындағы жұмысымыз алға басады.

Біздің ойымызша, аударма екі түрлі салаға бөлінеді, соның біріншісі – бір халықтан екінші халыққа ауысқанда, мезгіліне, сол елдің ұғымдарына сәйкес аударылады. Бір халықта айтылатын ой өңделіп, өз елінің ұғымына бейімделіп, түпнұсқаның ұзын - ырғасы беріледі. Ауыс-түйістің алғашқы сатысы осылай басалады. Бұл – аударманың ауызекі тарау түрі. Екіншісі, бір елде айтылған пікір сол қалпында



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

2(136) 2012

Абдрахманова Ж. Фразеологиялық тұлғалар компоненттерінің дистантты орналасуы.....	104
---	-----

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ - МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ

Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы. Қазақ әдебиеті пәнінен өздік жұмыс ұйымдастарудың модульдік жүйедегі жана тәсілдері	108
Атабаева Ф. К., Атабаева Г.К., Тлеугабылова З.А. Использование видеофильмов на уроках английского языка.....	112
Қасым Б., Нұптекеева Г.Б. Қазақ тілінің сөзжасамынан берілетін білім көлемі мен оқыту әдіс-тәсілі.....	114
Бекалаева А.О., Нуржумаева К.А. Языковая компетенция преподавателя и стратегии, применяемые в обучении иностранным языкам.....	118
Бекишева Р.М. Понятие об инновациях в образовании	120
Мамиева А.Н. Тіл тарихы курсы пәндерін жаңа технологиялар арқылы оқыту жолдары	123
Михальченко Е.Н. Integrating the newspaper and the news into the curriculum.....	126
Субботина В.В. Необходимость изучения английского языка и его роль в современном мире	128
Сулейманова С.А. Презентация как эффективная форма модульного обучения деловому английскому языку	131
Таганова А.М. Оқулық жазу шарттары және оның тәрбиелік негіздері.....	134
Мұстафина М.Ә. Әдебиетті оқытудағы проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі	139

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ - ТЕОРИЯ ПЕРЕВОДА

Жумадилова М.Н. Лингвостническая специфика перевода.....	143
Тастемирова Г. А. Аударма – халықтар достығының дөңкері.....	146

МӘДЕНИЕТ - КУЛЬТУРА

Ломова Е.А. Русско-англо-американские литературные связи в первое двадцатилетие XX века	151
Жапарова А.Ж. Английский этикет	154

ЖАС ҒАЛЫМДАР - МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ

Әзизова А. Қабдеш Жұмаділов шығармаларындағы мифтік көріністер.....	158	
Таттимбетова К. О. Төлеу Көбдіков лирикасындағы ұлт-азаттық сарын	162	
Ақшопалова А. Ж. О грамматической адаптации казахских топонимов	165	
Абдуллаева А.К. Формулы выражения благодарности в кыргызском и английском языках.....	168	
Абдуллина Б.А. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы шығармашылығы	171	
Абжолова А. Қазақ драматургиясының зерттелу жолдары	174	
Ахметбекова А.М. Дефиниция как основное средство раскрытия значения термина	177	
Валикова О. Синергетическая природа речевого имиджа.....	182	
Досанова К. Айтыс және имандылық.....	187	
Ергубекова Ж.С. Қазақ батырлар жырларындағы «Адам» концептісі	190	
Ибраева Д.С. М.Мақатаев өлеңдеріндегі және қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын көріністері.....	195	
Кайбулдаева А.З. Тенденции образования и развития неологизмов в русском языке.....	198	
Қайдауылова С.Ғ. Сураулы сөйлемдердің функционалды-семантикалық сипаты.....	201	
Қайралапова С., Тусупова А.К. Фраземы в переводах художественных произведений на русский и английский языки (на материале рассказа М. Ауэзова «Коксерек»).....	206	
Каналиева С.У. Ахмет Байтұрсынұлының төл поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының көрініс табу мәселелері	210	
Кдыралиева Ж.Б. Шешендік теңеулердегі көркемдік стиль	213	
Койлыбаева С.С. Критерии пассивизации лексики русского языка на современном этапе (социолингвистический аспект)	216	
Оспанова А. А. Ғұмар Қараштың азаттықты аңсаған туындылары.....	222	
Оспанова Н. А. Linguacultural aspects of simile in kazakh and english languages.....	226	
Сейтхожаева А. Влияние лингвострановедческих знаний студентов на ход общения.....	229	
Фот Л.В. К истории становления лингвистики текста.....	232	
Байсакалов Т.К. Илеспе аудармадағы лексикалық трансформациялар	236	
Әзікен Г. Бөліріктің «Ел жарыла көшкенде» дастаны	239	
Нусипов А. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі.....	242	
Джаламова Ж.Б., Алдабергенқызы Л.А. Коммуникативная культура и компетентность в профессиональной сфере общения.....	246	
Бекжанова А.Б. Языковая идентичность и язык СМИ: к постановке вопроса.....	250	
Назарова А. Масс-медияның мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі	253	
ҚазҰУ хабаршысында басылатын қолжазбаларға қойылатын талаптар	256	
Требования к рукописям, публикуемым в вестнике КазНУ	258	

Аударма – халықтар достығының дәнекері

Г. А. Тастемирова

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Автор мақалада ғаламдық өзекті мәселелер қоғамдық дамудың қайшылықтарынан туындайтынын, адамзаттың өзін қоршаған әлемге деген ықпалы ауқымының күрт өсуімен, сонымен қатар елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық даму деңгейінің өркенділігімен, еларалық өмірдегі аударма ауқымының тарылып, халықаралық тілдердің үстемдігі артуымен де байланысты болып жататынын жайлы сөз қозғайды. Сонымен қатар мұның алғашқы қадамы аударма арқылы жүзеге асып, әлем халықтар арасындағы әдеби байланыстар нығайып, байи түсетінін айтады.

XX ғасыр басында жазба әдебиетті биікке көтерген қазақ ақын-жазушылары алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне көз салып, әдеби байланысқа түсе бастады. Әсіресе орыс әдебиетінен үйрену кең етек жайғанын жоққа шығара алмаймыз. Ыбырай, Абай, Шәңгерей тәрізді алдыңғы толқынның тәржімашылдық қырын дамытып, төл әдебиетіміздің туын жоғары ұстаған аудармашылар дүние жүзілік әдебиеттің асыл қазыналарын, тамаша туындыларын туған халқына жеткізуге ұмтылды. Олар әлемдік әдебиет пен мәдениеттің озық үлгілерін қазақ сарасына асқан шеберлікпен таратты.

Көркем аудармалардың құнды не құнсыздығы тек жаңылыс кеткен кездейсоқ қателермен белгіленбейді. Аудармашының бір емес, ондаған қате жіберуі мүмкін, өйтсе де соның аудармасында ең бастысы – автордың түпкі ойы стилі, бір өзіне ғана тән жазушылық даралығы дұрыс берілсе, оны құнсыз аударма деп табуға болмайды [1, 26-27 бб.] - деп пікір білдірген жазушы-ғалым Мұхтар Әуезовтің ойына толық қосылуға болады.

Аударманың сара жолын салушы Абай, Ыбырайдан бері таратып айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Бекет Өтетілеуов сынды шебер аудармашыларды атап айтуға болады. Алдыңғы толқын да, кейінгілері де аударманың еркін түрін кеңінен пайдаланып, шебер дүниелер тудырғанына дау айта алмаймыз. Ал олардың, түпнұсқаның тілін, әдеби ырғағын жетік білмеді, халқына, жұртына емес, өз бас пайдаларын ғана ойлап аударды дегенге келісу мүмкін емес. Тіпті, басқасын қойғанда ғұлама Абайымыз, данышпан Ахметіміз аудармаларын мәдениетінің тарлығынан, түпнұсқаның, яғни орыс тілін жетік білмеуінен еркін аударды деп айту дұрыс па? Оған қандай дәлел тауып айтамыз. Жазба әдебиеттің басын салған Абай да, тіл тазалығын, ой тазалығын жетік меңгерген Ахмет те, Абай-

дың ақын шәкірттері де өз тілін, өзге тілді де жетік меңгергенінен аудармаға барып отыр. Олар өзіне тиімді болғандықтан емес, керісінше халқына, ел-жұртына балтыры сыздап, бауыры езілгендіктен, қараңғы қазақтың көзін ашуға ұмтылыс жасағандарынан аударып отыр. Мәдени шеңберлерінің қаншалықты болғаны бізге беймәлім, бірақ өзге елдің мәдениетін қазақша сөйлеткен, қазақ жұртына танытқан кемеңгерлердің туындысына ойланбастан бірден анықтама бере салу оңай болмаса керек еді.

Әдебиет өз тілінде, ұлт көлемінде өсумен қатар, басқа да өскелең ұлт әдебиетінің шығармаларын ұдайы қосып алып, байып отыратыны бәрімізге мәлім. Біздің қазақ әдебиетінде де басқа тілдерден көптеген кітаптар аударылып жатқаны да, бұл жұмыстың кең көлем алуы да заңды құбылыс. Бұл мәдениетіміздің өскендігінің белгісі. Жазба әдебиет тіліміздің баюына, қалыптасуына көп қызмет ететіні белгілі. Кейінгі ұрпақ тілді ел аузынан үйренумен қатар, кітаптан, газет-журналдардан, радио, теледидардан үйренеді. Әдебиет тілі көпшілікке ұстаздық етеді.

Көркем әдебиетті аудару – шығармашылық жұмыс. Ол әдеби тілдің өсуіне, ұстартылуына көмектеседі. Оның үстіне творчество адамы аударатырып, көп нәрсені үйренеді. Мысалы, Абай аудармаға осы тұрғыдан қараған адам.

Аудармашылық өнер қайсарлықты талап етеді. Тіл үйренгеннен кейін екі мәдениет пен әдебиетті жақындастыру үшін, “меніңді” тыйып бар өнерінді, білімінді, шыдамыңды екі халықты рухани байланыстыру ісіне салу, сөзді емес, қайғыны қайғы қылып, махабатты махабат қылып аудару үшін, жүрегің еш мәдениет, еш әдебиет бір-бірімен араласпай жаңа сатыға көтерілмейді деген ұранмен соғу үшін қайсарлық қажет. Ал бұл - аудармашыға берілетін ең құнды баға.

Біз аударманы өнер деп қарап, аудармашының міндетін автордың міндетінен кем сана-

маймыз. Автор өмір сырларын қалай шертті, аудармашы соны да дәл түсініп, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей етіп оқырманға жеткізе алдыма - түйінді мәселе осында, аударма шығарманы оқып отырғанда өзіміздің әдеби шығармамызды оқып отырғандай сезінгіміз келеді.

Аудармашының алдында қашанда өзара қарама-қайшы, бірақ диалектикалық бірліктегі үлкен өзекті мәселе тұрады: бір жағынан түпнұсқаның “өрпін”, рухын сақтау қажет, екінші жағынан аударма жасалып отырған тілдің ерекшеліктерін, сол тілді оқуға тиіс жұртшылықтың талап-талғамын да ескеру қажет. Аудармашы таразының екі басын тең ұстауы тиіс. Ал бір жаққа ауытқып кетсе ше? Мәселен, ол соңғы шартты алдыңғысынан жоғары қойса немесе тіпті, соны ғана басшылыққа алса, не боп шығар еді? Біздіңше, аудармашы, ең алдымен, жазушының өзін сөйлетуді мақсат тұтуы шарт.

Қазақ оқырмандары туысқан халықтар әдебиетімен дүние жүзі мәдениетінің бай мұрасын өз тілінде еркін оқып, сол халықтың өмірі мен тұрмысын білумен бірге, жазушының стильдік, тілдік, көркемдік шеберлігімен де танысуды қалайды. Мұның өзі аудармашыларға зор міндет жүктейді. Ол жазушының өзіне тән ерекшеліктерін, шығарманың рухын ұлттық түрін түгелдей бере білуге міндетті. Сонда ғана біздің көркем аударма саласындағы жұмысымыз алға басады. Орыс жазушыларының, айталық, Н.В. Гоголь мен Л.Н. Толстой шығармаларын оқығанда, оқырман, түпнұсқадан қандай эстетикалық әсер алатын болса, қазақ оқырмандары да аудармадан сондай әсер алуы қажет. Осыған қарамастан, көркем аударма саласындағы жұмысымызда елеулі кемшіліктер бар. Бізде көркем аударма кәсіби деңгейге көтеріле алмай келеді.

Сондықтан да өзге халықтардың адам қиялына қанат байлайтын аңыз-ертегі, ерекше шығармаларын тәржімалап, туған тілімізде, өздерінің дүниетанымы, философиясы, рухани сұранысы мен тұрмыс-тіршілігіне сай етіп сөйлетуді абыройлы іс деп танығанымыз даусыз. Көрнекті қаламгер, аударманың хас шебері, бар ғұмырын әдебиеттің аса ауыр осы саласына арнаған Н. Сыздықов өзі талантты болу, әрбір сөз-сөйлемге мейілінше мән беріп, қазақ тіліне жетік үлгілеуді басты мақсаты деп тұтқан біртуар тұлға ылғи қайталап айтуды жаны сүйетіндей: “Шын аудармашы да сөз дүлдүлі болмаққа керек, талант болғанда – аудармашылық талант керек, біліктілік (эрудиция), көр-

кемдік талғам, сөзге шешендік, екі тілге бірдей жетіктік, еңбекқорлық, ізденімпаздық, зор жауапкершілік қажет. Алайда, талант бірінші орында” деген биік талапқа сай тұжырым әрқашан әдебиеттегі аудармашының басты кредосы болып қала береді. Түпнұсқаның сөзін емес, рухын аударуды, автордың өзін, оның жан-дүниесі, көзқарасы, ұстанымын, өмір сүрген заманының қайталанбас ерекшеліктері, сол тұстағы заманауи кейіпкерлерін шып-шырғасын шығармай аудару шарт.

Қазіргі кезде аударманың көбейгені соншалық тек орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалар тізімін атап шығудың өзі оңайға түспейді. Ол осылай ғылыми пөнге айналады. Қазақ тіліндегі аударма сынына үңілгенде, осыны байқаймыз. Аударма тарихын сөз еткенде оның әрбір ұлттық әдебиет пен мәдениет құрамдас бөлігі болғандықтан, ізін де, дәстүрін де, даму ережесінің қандай сатыда болғанын да солардан іздеген жөн. Аударманың тарихи тамыры тереңде жатыр. Ол ой тұжырымының, сөз өнерінің қажетті қасиетін жинақтаған қазына іспеттес. Аударма өнерінің дәрежесі тума мәдениеттің кемелденуіне әсер ете отырып, аударманың өзі де сол мәдениеттің нақты нәтижесі, көрнекті жемісі ретінде өркендейді.

Аударма әдебиет Қазақстандағы ұлттық мәдениеттің рухани бай саласы ретінде дамыды. Республикадағы талантты аудармашылар тобы өсіп жетілді. Қазақ тобынан шыққан аударма кітаптарының ішінде Шекспирдің “Отеллосы”, Пушкиннің “Полтавасы”, Гогольдің “Ревизоры” сияқты қызық еңбектер аз емес. Қазақ оқушылары туысқан халықтар әдебиеті мен дүние жүзі мәдениетінің бай мұрасын өз тілінде еркін оқып, сол халықтың өмірі мен тұрмысын білумен бірге, жазушының стильдік, тілдік, көркемдік шеберлігімен де танысуды қалайды. Мұның өзі аудармашыларға зор міндет жүктейді. Ол жазушының өзіне тән ерекшеліктерін, шығарманың рухын, ұлттық түрін түгелдей бере білуге міндетті. Сонда ғана біздің көркем аударма саласындағы жұмысымыз алға басады.

Біздің ойымызша, аударма екі түрлі салаға бөлінеді, соның біріншісі – бір халықтан екінші халыққа ауысқанда, мезгіліне, сол елдің ұғымдарына сәйкес аударылады. Бір халықта айтылатын ой өңделіп, өз елінің ұғымына бейімделіп, түпнұсқаның ұзын - ырғасы беріледі. Ауыс-түйістің алғашқы сатысы осылай басталады. Бұл – аударманың ауызекі тарау түрі. Екіншісі, бір елде айтылған пікір сол қалпында

дәл жетеді, бұл жазба әдебиетте орын тепкен. Қазақ аудармасының ежелден қалыптасқан өз тарихы бар. Зерттеушілер қазақ аудармасының негізгі даму кезеңдерін төмендегідей топтап жүр:

Бірінші кезең – V-XIV ғасырларды қамтиды.

Екінші кезең – қазақ аудармасында нәзира әдісін қолдану Шығыста әдебиет туындыларын аударудың негізгі каноны болған дәуірі.

Үшінші кезең – 1917 жылдан бастап қазақ аудармасының Кеңес Өкіметі заманында өркендеп, ғылыми жолмен дамыған дәуірі.

Кез келген ұлт тіліндегі туындыларды орыс не қазақ тіліне аудару - өрі өте маңызды, өрі өте қиын міндеттердің бірі. Өзге тілден – қазақ тіліне аудару кезінде аудармашылар екі тілді бірдей жақсы білетін әдеби сауатты адамдар болуы керек.

Бар тетік осы әдеби аудармашы еңбегінің сапасына байланысты екені көпке мәлім. Мұндай аса қиын, таза творчестволық жұмыс тек көркем сөз шеберлерінің қолынан ғана келетіні белгілі. Неге десеніз, тәржімаланып отырған шығарманың барлық қалтарыстары мен құпияларына, ой жүйесіне, көркемдік ерекшеліктеріне, сыр-сипатына тек суреткер аудармашы ғана тереңірек бойлай алмақ.

Аударма тарихын сөз еткенде, қазақ халқынан шыққан тұңғыш аудармашы Ыбырай Алтынсаринге тоқталмай кету мүмкін емес. Ыбырай Алтынсариннің аудармашылық қызметі туралы профессор Әнуар Дербісәлин былай дейді: “Ыбырайдың аудармалары қазақ әдебиетінде аударма өнерінің де өзіндік тарихы, өсу жолдарының барлығын қамтыды. Олар бүгінгі өскелең аудармамыздың алғашқы баспалдағы болып саналады” [2, 230 б.].

XX ғасырдың бас кезінде қазақтың төл әдебиеті мен аударма әдебиеті біршама дамыды. Көркем аударма өнерінің негізін салған Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин болды. Абай айналасындағы ынталы шөкірттерін шетел классиктері шығармалары, шығыстық қисса үлгісіндегі туындылармен таныстырып отырған. “Үш мушкетер”, “Король қатын Марго”, “Валентин Левий”, “Аза жүрек”, “Шахнама”, “Бахташар”, “Ләйлі-Мәжнүн” және т.б. шығармалар Абай арқылы, оның шөкірттерінің ауызша айтуы бойынша, көп елге жайылып, жер-жерге тарады. Қазақ даласындағы, ел арасындағы дарындылар бұларды жаттап алып, жырмен бірге айтып, жұрт құлағына сіңіріп жатты. Кейбір талапты шөкірттер Абай айтқан әңгі-

мелердің оқиғасын негізге алып, оны өздерінше жырлаған.

Ақылбай, Мағауия, Шөкәрім, Әсет, Уәйіс сынды ақын шөкірттер-Абайдың аударма мектебінің көрнекті өкілдері. Бұлардың барлығы да ұстаздарының аудармашылық шыңдау мектебінен өткен жандар. Абай қазақ халқының әдеби-жағрапиялық танымын айтарлықтай кеңітті. Оның Африка, Үнді елдерінің тіршіліктері туралы айтқан әңгімелерін ел адамдары қызыға тыңдаған.

Африка жұртының тұрмысынан айтылған әңгімелердің бірі – “Медғат-Қасымды” Мағауия өлең етеді. Сондай-ақ, зәңгілер жайындағы келесі бір қызықты әңгіменің оқиғасын “Зұлыс” деген атпен Ақылбай жырлаған. Бұл жөнінде М. Әуезов былай дейді: “Неше алуан күшті, қызық романдарды сол жайынан айтатын болған. Осындай Абай айтқан әңгімелердің бірі - “Медғат-Қасым”. Бұл - Африкада Ніл дариясы бойындағы бір Қасым деген құлдың плантатор байдан кек алуын баян ететін әңгіме. Осыны Абайдың мәслихаты бойынша қара сөзден әңгімелі өлең етіп шығарған Абайдың өз баласы Мағауия болады. Зәңгілер жайында Абай айтқан екінші қызық әңгіме “Зұлыс” болғандықтан, оны Ақылбай деген баласы өлең қылып таратады” [3, 15 б.].

Шөкірттері тәржімаларының жекелеген жолдарын, жалпы әңгіме кейпін Абай түзеп, өңдеп, көркемдеп отырған. Ол Еуропа, орыс, шығыс халықтарының классикалық үлгідегі шығармаларының оқиға құрылысын, әдеби тәсілдерін, әңгіме құру желісін өзі меңгеріп, байқап, талдай келе, шөкірттерінің бойына сіңіреді. Осылайша Абайдан тармақталған ұлттық аудармашылық іргелі бір мектеп қалыптасады. Абайдың тікелей өз тапсырмасымен аударма жасаған шөкірттері қара сөзбен айтылған әңгімені өлеңге салған. Абайдың мақсаты шөкірттері арқылы қазақ халқын әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен таныстыру болды.

Абай ақын шөкірттерін орыс, батыс классиктері шығармаларымен үнемі таныстырып, солардың кейбіреуін қазақшаға тәржімалау тәжірибесінен өткізіп отырған. Ел ішіндегі әнші-ақындар арқылы өркениетті халықтар мәдениеті жайлы Абай аузынан шыққан тағылымдар, қазақ даласының түкпір-түкпіріне жайылды. Абайтанушы-ғалым, профессор Ж. Ысмағұлов былай дейді: “Ақын өзінің жемісті ізденістері арқылы дүниежүзілік көркем ойдың жетістіктерімен танысты. Және соның үздік

үлгілерін туған әдебиеттің топырағына алып келді. Абай – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш аудармашы. Байронның, Гетенің, Пушкин мен Лермонтовтың жекелеген шығармаларын аудару арқылы ол өз халқының рухани қазыналарын және көркем аударма дәстүрінің негізін салып берді” [4, 18 б.].

XX ғасыр басында жазба әдебиетті биікке көтерген қазақ ақын-жазушылары алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне көз салып, әдеби байланысқа түсе бастады. Әсіресе орыс әдебиетінен үйрену кең етек жайғанын жоққа шығара алмаймыз. Оның көрінісі аударма шығармалардың көптеп пайда бола бастауы болғанын басында айтып өткенбіз. Ыбырай, Абай, Шөңгерей тәрізді алдыңғы толқынның тәржімашылық қырын дамытып, төл әдебиетіміздің туын жоғары ұстаған аудармашылар дүние жүзілік әдебиеттің асыл қазыналарын, тамаша туындыларын туған халқына жеткізуге ұмтылды. Олар әлемдік әдебиет пен мәдениеттің озық үлгілерін қазақ сахарасына асқан шеберлікпен тартты.

Аударма біздің ана тіліміздің сөздік қорын байытып, ұлттық дүниетану өрісімізді ұлғайтады. Аудармашы жеке сөздерге балама іздеу арқылы ана тілдің бүкіл қазынасын кеңінен сапырып, ішіндегі асыл сөз байлықтарын шебер пайдалануға тырысады. Ескіріп бара жатқан сөздер қайта жаңғырып, қазіргі жанды әдеби тіліміздің қорына жаңа сөз тіркестері, көркем сөз баламалары қосылып жатады. Аударма қызметі жаңа сөздерді тілімізге енгізіп қана қоймай, күн сайын аударылып жатқан сансыз көп еңбектер олардың қолдану аясын кеңейтіп, қолдану нәтижесінде тұрақтандыруға халықтың ойы мен тіл байлығын өсіруге, сол сөздің ұғымдық шегін қалыптастыруға себепші болады. Аударма әдебиеті – халықтар достығының дәнекері. Осы пікірді дәлелдей алатын айғақты тиянақты ойды, орыс тіліне араб әдебиетін аудару жөнінде айтылған мына пікірді алайық: “Мың жыл деген тек бір халықтың тіршілігі үшін ғана емес, бүкіл адамзат өмірі үшін де өте көп уақыт, мың жыл бұрын өтіп кеткен ұлы ата-бабасын, олардың келешек үрім-бұтаққа қалай өмір сүрудің жарқын үлгісін көрсетіп, болашаққа жөн сілтеп ұмытпаған халық – бақытты халық. Өзінің алыс-жақын көрші елдерінде болған ұлы адамдарды біліп отырудан да бақыттылық” [5, 7-8 бб.].

Қазіргі адамзаттың өмір сүруі мен дамуының ғаламдық өзекті мәселері баршаға аян. Ғаламдық өзекті мәселелер қоғамдық дамудың

қайшылықтарынан туындайды, адамзаттың өзін қоршаған әлемге деген ықпалы ауқымының күрт өсуімен, сонымен қатар елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық даму деңгейінің өркенділігімен, ел-аралық өмірдегі аударма ауқымының тарылып, халықаралық тілдердің үстемдігі артуымен де байланысты. Мұның алғашқы қадамы аударма арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттің бұл жанрының дамуына аударма саласы өзіндік қомақты үлесін қосты. Қаламгерлер өркениетті елдердің мәдениетін қазақ халқына аударма арқылы сіңіруге болатындығын түсініп, осы жолда қажырлы еңбек етті. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сәдуақасов, М. Әуезов тағы басқа зиялылары да көркем аударма жасау ісімен жүйелі түрде айналысып, өзгелерге үлгі көрсетті. Қазақ оқырманы орыс ақын-жазушылары Л. Толстой, И. Тургенев, А.С. Пушкин, Ю. Лермонтов, И. Бунин, М. Горький; алыс шетел қаламгерлері Д. Лондон, Г. Мопассан, А. Дюма, О. Бальзак, Б. Бру; шығыс классиктері Сағди, Омар Хаям, Физули, Шәмси, Науаи шығармаларымен XX ғасыр басынан таныс бола бастады.

Көркем аударма тәржіма жасалып жатқан тілде сөйлейтін халықтың мәдениетіндегі ұлттық өдет-ғұрыптарды сақтап қалуға көмектеседі. Ол өзінің тілін ұлттық бояуын құртатын немесе соның орнын ауыстыратын жат формалардың кірігуінен сақтайды [6, 97 б.]. Кейбір аудармашылар түпнұсқаны өңдеуге, дәлірек айтсақ, өз бетімен жаңаша жазып шығуға халқымыз бар деп ойлайды. Мұның бір ұшығы сол аудармашының қауқарсыздығында немесе өз ісіне жауапсыз қарайтындығында жатыр. Өйткені түпнұсқаның ұлттық сипатын, өзіндік мән-ерін, көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып аударғаннан гөрі өз қалауымен тарта беру әлдеқайда оңай, “Осылай ету қажет” деп ақталмақшы болады кейбір аудармашылар. Өйтпесе шет ел авторларының туындыларын қазақ оқырмандары жете түсінбейді. “Бұл - қазақша емес!”, “Бұл қазіргі заман оқырманының құлағына тосын естіледі!” – деп ақталады. Не керек, автордың келіспеске лажды қалмайды. Сөйтіп, аудармашы түпнұсқаны қалауынша қаршалап, өзіндік жаңа бірдеңе жасап шығарады. Аударма шығармаларда ұлттық-көркемдік элементтер, тұрмыстық суреттеулер тәржіма барысында толықтай сақталуы қажет. Ал егер толықтай сақталмаса, шығармада суреттелген халықтың

өдет-ғұрпы, мәдениеті, ұлттық нақыштары солғындайды.

Қазақ жазушыларының орыс тілінен аударылған романдары мен өңгімелері жыл сайын ондаған баспа табақ көлемінде он мыңдаған данамен шығып жатыр. Әрине, бұл өте жақсы екеніне күмән жоқ. Бірақ кейбір аудармалардың түпнұсқадан ауытқып кетуі де кездеседі. Аударма жауапкершілігі деген осы жерден шығады. Түркия жазушылар одағы синдикатының президенті, дүние жүзінде бейбітшілік сақтау қозғалысының белгілі белсендісі Әзиз Несиннің күлкісі қазақ жеріне келгеніне де біраз болды. Қазақ жазушыларының бірер буын өкілдері кезінде Әзиз өңгімелерін аударып, күнделікті баспасөз беттерінде жариялады. Айта кететін бір жайт, оның түпнұсқадан, негізінен, түрік тілінен тікелей қазақша аударылмағанында. Олай дейтініміз, алдымен орыс тіліне, сонан соң орыс тілінен қазақ аудармашыларынан бізге жетуінде болып тұр. Бұдан байқайтынымыз, қазақ жерінде түрік тілін жақсы білетін көркем аудармашылардың жеткіліксіздігі. Қазақстан Түркия елімен экономикалық қарым-қатынас орнатып келе жатқанда, бұл алда оң шешімін табар деп сенуге болады.

Қорыта айтқанда, аударма - әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі. Аударманың сөз дамытудағы мәні де айрықша зор. Өйткені аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері сусындай алады. Қазір жер жүзі әдебиетінің көптеген тамаша туындылары қазақ жазушыларының туындылары, керісінше әлем әдебиетінің жауһарлары төл тілімізге аударылып келеді. Аударма арқылы әдеби байланыстар нығайып, байи түседі.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Көркем аударманың кейбір мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1957. – 3-12 бб.
2. Дербісалин Ә. Ы. Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 230 б.
3. Әуезов М. Ақылбай шығармалары туралы // СССР Ғылым Академиясы қазақ филиалының хабарлары. - М., 1953. – 1-кітап. - 25-33 бб.
4. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 223 б.
5. Нұрышев С. Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен. – Алматы, 1954. – 140 б.
6. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 452 б.

В данной статье автор затрагивает глобальные проблемы развития и жизнедеятельности человечества, зарождающиеся вследствие противоречия общественного развития и возрастающего влияния на окружающую среду. В связи с бурным социально-экономическим и научно-техническим развитием обществом усиливаются и обогащаются литературные связи между народами и странами. И первые начинания в этом отношении воплощаются в жизнь посредством перевода, так как через перевод представители разных народов могут ознакомиться с шедеврами литературного творчества других наций и народов.

In this article the author talks about global problems of mankind development and activity arising as consequences to nontraditional social development and increasing influence on environment of person activity. Due to the rapid social, economic, scientific and technical development of society literary communications between the people and the countries amplify and enriched. And the first undertakings are realized by means of transfer in this regard as through transfer representatives of the different people can familiarize with masterpieces of literary creativity of other nations.